

егемен

Казакстан

Ұлттық ұғымға ұласқан

Жыл жабылуға жақын қалғанда Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада әдемі бір кеш өтті. «Жауһар жыр планетасына түнгі саяхат» деп аталып, бірнеше сағатқа созылған іс-шара Фариза Оңғарсынова шығармашылығына арналды. Осы арқылы жыл бойы жалғасқан «Бір ел – бір кітап» акциясы тамаша түйінделді. Бір бізде емес, бүкіл әлемде адамзат кітаптан бетін кері бұра бастаған мына заманда мұндай ауқымды акцияның ұйымдастырылуы қай қырынан қарағанда да құптарлық қадам. 2013 жылдың өн бойында бүкіл елдің мектептері мен кітапханаларында Ф. Оңғарсынова шығармашылығына арналған 900-ден астам іс-шара өткендігі, Интернеттегі пікір алысуларды қосқанда олардың ұзын саны екі мыңға жеткендігі, кітапханалардан бұл жинақты мыңдаған адамдардың сұрап алып кеткендігі ақын жырының қазақ үшін қандайлық қадірлі екенін келісті көрсетіп берді. Ақын «Дауасы» дарын даруына айналды.

Әбіш Кекілбаев ана бір жылы «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Фариза» атты эссесінде Исатай, Махамбет көтерілісінің тап осы Фәкең туған Манашы деген жерде басталғанын жазғаны бар еді. Мұның өзінде де символдық мән бар сияқты көрінеді. Біз қай заманда да халқымыздың әйел-анаға, сүйген жарға, қыз балаға құрметі бөлекше болды десек, қазақ қызды жасытпай, жарқылдатып өсірді десек, олардан батыр да, ақын да, көсем де, шешен де шықты десек, соның бәріне даусыз дәлелді Фаризаның бойынан да табамыз, ойынан да табамыз. Оңғарсынова жырлары қазақ қызының біз айрықша ардақтайтын асыл қасиеттерін – жан тазалығын, ар тазалығын, шыншылдығын, сыршылдығын, батылдылығын, ақылдылығын, аяулы сезімі мен қаяулы көңілін кір шалдырмай ұстауға ұмтылатын асқақ аңсарын айрықша көркем күйде ақ қағазға төгілте түсіріп бергенімен қымбат. Өлең өнерінің өміршеңдігінің де, өрелілігінің де басты өлшемі – өмірге айнала алуы. Фариза өлеңі – өмірге айналған өлең. Біз Фариза Оңғарсынова поэзиясын сөз еткенде ең алдымен ол жырлардың қазақтың рухына әсер еткендігін, ұлттық рухты өрлеткендігін айтуға тиіспіз. Ақын жырларының төгіліп келетін тілі, мінсіз пішіні, мінсіз ұйқасы, мінсіз ырғағы деген жайлардың бәрі де шығармашылық тұрғыдан қаншалықты мәнді, маңызды

болғанымен, Фариза өлеңдерінің басты құндылығы қазақ әйелінің әлемін айқара ашып, қазақ қызының жан-жүрегін жарқыратып көрсетіп бергендігінде. Ә дегенде әдеби ортадан жырақтау жүріп, жыр жарысына жетпісінші жылдардың бас жағында ғана шындап қосылған Фариза өлеңдері қазақ поэзиясына өзіндік үнін ала келді дей салу аздық етеді. Фариза – қазақ рухына әсер еткен ақын. Сексен алтының желтоқсанында Алматының қақ ортасындағы алаңға шыққан, ақ қарға алау жаққан қарындастарымыздың арасында Фариза жырынан жанына жылу алғандар аз болмағаны анық. Онсыз да қыз баланы бөлекше қастерлейтін халқымыз Фариза өлеңдері арқылы әйел затының қадір-қасиетін бұрынғыдан да биік бағалай түсті деудің ешқандай артықтығы жоқ. Фариза өзіне дейін «қыз-келіншектер поэзиясы» деп аталып, кеңдікпен, кейде тіпті кешіріммен қаралып келген ұғымға да басқаша сипат берді. Поэзияда жаңа өлшем орнатты. Қыз-келіншектер поэзиясы делінетін өлеңдерге ғана емес, жалпы ұлттық поэзияға жаңа биіктік белгілеп берді. Сырықпен секіруден соңғы он бес жылдың ішіндегі барлық әлемдік рекордтарды жалғыз өзі жасаумен және жалғыз өзі жаңғыртумен келе жатқан екі дүркін Олимпиада чемпионы Елена Исинбаева сияқты Фариза Оңғарсынова да поэзиядағы биіктікті өзі орнатып, өз биігімен өзі алысып келе жатыр. Ақынның өрнегі өзгеше өлеңдерінің бірі – «Әйелдің монологаы» соншалықты дәл табылған поэтикалық ырғағымен де, шыңғырған шындығымен де, сыздатар сыршылдығымен де, адамның ең бір жан түкпірінде жасырынып жататын интимдік сезімдерді жалаңаштай жаздап барып қайтадан жарқыратып алып кететін ғажайып шеберлігімен де тәнті етеді. Сенің от құшағыңда дүниені ұмытып талықсыдым. Жүрегімді өртеді жан ыстығың. Мынау байтақ дүниеде тек екеуміз жүргендейміз айналып ғарышты мың. Көзімді ашсам шырын сәт көзден ұшып кететіндей жанарды тарс жұмдым. Сен аймалап алқындың, одан сайын есімді шығардың да, мен балқыдым көміліп қылаң нұрға. Жақсы сөздің барлығын саған айттым, ішімнен бе, әлде үн шығардым ба... Сұрапыл сезім суретінің мұндай үздік үлгілерін әлем әдебиетінің қазынасына қысылмай қосуға болады. Ашығын айтар болсақ, Фариза лирикасындағы жекелеген өлеңдер Ахматова мен Цветаеваның сөз қадірін білер жұрт мінәжаттай жаттайтын жауһар жырларынан артық түспесе кем емес. Сондықтан да Фариза Оңғарсынова поэзиясы өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдебиетінің бөлекше құбылысы болды,

сондықтан да Мұқағали «жігітінен қазақтың дос таба алмай» қиналғанда жүрегін жегідей жеген жан сырын Фаризаға айтты, сондықтан да Фариза жырларының рухы нәзік ерліктің, сыршыл өрліктің бейнелі баламасына айналды. Әдебиет жанашырларын былай қойғанда, сан түрлі себеппен өлең кітаптарын қолға алмай кеткен талай адамның ақынды өзінің қызындай, әпкесіндей, апасындай, сіңлісіндей, қарындасындай қадірлейтіні, қастерлейтіні – Фариза феноменінің бір қыры. Өйткені, Фариза Оңғарсынова – өлеңнің ауқымынан асып, әдебиеттің, жалпы мәдениеттің шеңберінен шығып, ұлттық ұғымдардың біріне ұласқан тұлға. Біз ақын жырларының жұмсақ лиризмін, жұмбақ табиғатын әлі де ашып көрсете алмай жүрміз. Автордың күнделікті өмірдегі қалпына қарап оның жырларынан бірыңғай асқақтық, кілең бір өрлік іздей беру де біржақтылық. Шынтуайтында, әйелдің әлсіз әлемінен шыққан Фариза жырларының табиғаты нәзік, тіпті қорғансыз болып келеді. Ақын жырларының күші де сол әлсіздігінде. Әлсіздігі болмаса Фариза: Келесің дәйім шілденің от күні болып, ынтығып. Құшағында құрып сүлдерім шыға алмай қалам бұлқынып. Кетеді сонда жон аттап тәкаппар менің өрлігім, жанарда жүрген қонақтап қоңырқай күздей сорлы мұң, – деп жазбаған болар еді. Фариза Оңғарсынова шығармашылығының қомақты бір қыры – публицистика. Осы биыл жарыққа шыққан «Сыр-сұхбат» деген кітабы – ақынның жаңа табысы. Бұл кітапта Фаризаның адамды ардақтайтын, азаматты бағалайтын кең жүрегі кемел көрінген. Әншейінде ешкімді көзге ілмейтіндей әсер қалдыратын Фәкең өзім деген жанға өзегін үзіп беруге дайын, кім-кімнің де азды-көпті еңбегін ақтарылып айтуға бейім. Ал тындырған ісіне көңілі әбден толатын тұлғалар туралы толғанғанда ірі сөйлеп, кесек турайды. Өзі бас редактор болып шығарып жүрген «Тұмар» журналының 2009 жылғы бір санында Фариза: «Әбіш Кекілбайұлы – 20-шы ғасырдағы ерекше құбылыс. Оның кісілігі, салмақты мінезі, ешқашан ізденуден шаршамаған, әлі күнге дейін кітаптан бас алмайтын танымға құштарлығы, өзіне де, өзгеге де талап қойғыш табандылығы, өте нәзік жан дүниесі, ананы ардақтаудың үлгісін көрсеткен асыл қасиеті, балажандығы, құдай қосқан қосағына деген адал жүрегі – осының бәрі Әбіш Кекілбайұлын адамдықтың символы деңгейіне көтерді. Олай болса, Әбіш Кекілбайұлын тану, әсіресе, жастардың оны тануға ұмтылысын ояту және соған мүмкіндік жасау – аса маңызды. Әбіш Кекілбайұлы 70 жасқа

толғалы отыр. Осы мерейлі той қарсаңында біз «Тұмар» журналының кезекті санын ұлы ойшылдың өмір жолына арнадық», деп жазды. Өзіңмен күнде болмағанмен айына араласып жүрген тең құрдас адамыңды ұлы ойшыл деп бағалаудың өзіне асқан ақыл да керек, дарқан жүрек те керек. Сол ақыл, сол жүрек – бар қазаққа ортақ қазына.

Сауытбек Абдрахманов.